

Қазақстан Республикасы Президентінің "Елдегі жағдай мен 1997 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы" қазақстан халқына жолдауын жүзеге асыру, соның ішінде мемлекеттік меншікті сатуды жеделдету мен жекешелендіру объектілерін аукциондарда сату тәртібін мейлінше жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті қаулы етеді:

ЕСКЕРТУ. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментінің 1997.08.04. N 386 V970051_ қаулысымен

1. 1996 жылдың 22 ақпанындағы N 60 Қаулысымен бекітілген " Жекешелендіру объектілерін сату жөніндегі аукциондар өткізу мен ұйымдастыру жөніндегі Ережеге" келесі толықтырулар мен өзгертулер енгізілсін:

а) 1.2.4 бап алынып тасталсын, соған сәйкес 1.2.5 бап 1.2.4 бап ретінде е с е п т е л с і н ;

б) 1.3.2 баптағы үшінші абзацтан соң:

" - аукцион өткізудің тәртібін анықтау", - деп жазылсын;

в) 2.2.3 баптағы "б" тармағына мынадай өңдеу жасалсын:

"б) сауда-саттықтың голландық тәсілі кезінде баға белгіленбеуі мүмкін. Аз деңгейдегі баға белгіленген кезде, оның көлемі сауда-саттық өткізу жөніндегі хабарламада көрсетіледі";

г) 2.5 бөлімшесі мына мағынадағы баппен толықтырылсын:

"2.5.5 Егер үшінші және келесі саудада жекешелендіру объектісі жалғыз қатысушыға сатыла беретін жағдайды қоспағанда, аукционға қатысушылар саны екеуден кем болса, аукцион болмаған деп жарияланады";

д) екінші абзацтағы 3.3.1 бабы алынып тасталсын;

е) төртінші абзацтағы 3.3.2 бабы алынып тасталсын.

Төраға